

**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасында 2025-2026 оқу
жылдарына арналған «Таза Қазақстан» Республикалық экологиялық акциясы
аясында ұйымдастырылған «Таза Балабақша» шарасына**

АНЫҚТАМА

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өткізілген «Таза балабақша» шарасы туралы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын қолдау мақсатында балабақшамызда тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғау құндылықтарын насихаттауға бағытталған «Таза балабақша» экологиялық шарасы ұйымдастырылды.

Шара барысында тәрбиешілер топ тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен бірлескен ынтымақтастық негізінде топтың аула аумағын абаттандыру және санитарлық жағдайын жақсарту жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, ойын алаңдары тазаланып, аумақ ретке келтірілді, қажетті орындар сырланып, балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру мақсатында көркейту жұмыстары атқарылды.

Балалардың таза ауада сапалы демалуына, ойын арқылы дамуына және шығармашылық белсенділігін арттыруға жағдай жасау мақсатында ата-аналармен бірлесіп ойын аумағы жаңартылды. Балаларды күн сәулесінен қорғау және қолайлы көлеңкелі орта қалыптастыру үшін беседка жасанды сәндік жапырақтармен безендіріліп, ішкі бөлігіне балалардың жайлы демалуына арналған кілем төселді.

Аталған жұмыстар ата-аналар мен педагогтердің өзара әрекеттестігінің тиімді үлгісі болып, балабақша аумағында эстетикалық, қауіпсіз және дамытушы ортаны қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бірлескен еңбек арқылы балаларға табиғатты аялау, тазалықты сақтау және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау құндылықтары насихатталды.

Жүргізілген шара нәтижесінде топтың ойын алаңы көркейтіліп, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, таза ауада белсенді әрекет етуіне және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалды.

Тәрбиешілер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасының негізгі мақсатына сай келіп, балабақша аумағын таза әрі жайлы ортаға айналдыруға бағытталды.

